



2-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

ЭСТЕТИКА

Эстетикалық білім жүйелігі





Жоспары:

1. Ғылым – жүйе ретінде
2. Ғылыми жүйенің басты ерекшеліктері
3. Жүйенің моноистикалық негізі (эстетикалықтың жүйені құрушы мағынасы)
4. Эстетиканың мәселелік аумағы

1. Ғылым – жүйе ретінде (эстетикалық білімнің жүйелігі)

Юрий Боров өзінің оқулығында эстетикалық білімнің жүйелілігін көрсету үшін ғылыми жүйенің негізгі ерекшеліктеріне қатты назар аударады. Ақпараттық толықтығы

- Теориялылығы
- Бағыныштылық қатары
- Иерархиялығы
- Бірыңғайлығы
- Бірлігі (монизм)
- Минималды жеткіліктілігі
- Қағидалық ашықтығы
- Тәуелсіздігі сияқты сипаттамаларына жеке-жеке тоқталады.

Жалпы алғанда, ғылым көпқырлы, көпастарлы әлеуметтік феномен ретінде біздің өмірлік қызметіміздің барлық салаларына белсенді түрде енеді. «Ғылым» түсінігінің мағынасын ашу үшін, оның даму барысын қадағалау үшін ғылым мен қоғам, ғылым мен мәдениет арасындағы байланыстардың кең жүйелері негізінде, сол ғылымның өзін нақты тарихи саралау арқылы жүзеге асыруға болады. Ғылым мәдени-тарихи тұтастықпен тығыз қарым-қатынаста дамиды.

Дүниеде неше түрлі түсініксіз құбылыстар болады. Ғылым – дегеніміз сол күрделі құбылыстың байланысын ашу. Зерттеуші соны тапса, бәрі айқын болып шыға келеді. Бүгінгі таңда негізгі қозғаушы күш болып саналатын ғылым турасында ой толғамайтын философ-ғалым жоқ шығар?! Профессор Досмұхамед Кішібеков осы мәселе бойынша біршама тың тұжырымдар ұсынады. Білім табиғаттың ішкі заңдылықтарын ашқанда ғана ғылымға айналады. Ғылым – ақиқаттарды таңдау, деректердің қоймасы, бақылаулардың қоры, идеялардың қорабы, тіпті заңдардың жинақтамасы да емес. Ғылым – қоғамдық тәжірибеге бағынған білім жүйесі.

Ғылым түрлері көп, негізі бір. Ғылым қоғамдық сана бәйтерегі, бағыттауы, өзегі. Ғылым – тазалық, шындық, прогресс. Қазіргі заманда қоғам дамысын десек, ғылымды өз дәрежесіне көтеру керек. Ғылым табиғат құпиясын ашатын, белгілі жағдайда өндіруші күшке айналатын ой. Әрбір күрделі құбылыс – ол тәртіптелген, реттеліп жүйеге келтірілген қарапайым. Егер күрделі, түсініксіз шешілмейтін құрылым болса, ол шатасқан, шиеленген бұзылған құрылым, ұзақ өмір сүрмейді жойылады. Ғылым үшін шешілмейтін, алынбайтын құрылым жоқ. Барлық күрделілінің түбі қашанда қарапайым. Күрделі қарапайымнан туындайды. Оны ашатын – ғылым. Ғылым адам ойының нәтижесі. Бүгін ғылым өмірдің қозғаушы күшіне айналды. Оның араласпаған жер бетінде, қойнауында, космоста бірде бір объект жоқ. Бүкіл материалдық, рухани дүние, өндіріс, техника, мәдениет, өнер, саяси-қоғамдық өмірдің барлық салаларына негіз болып отырған ғылым. Әрине, ғылымның дүниеге келуі тұрмыстық талап. Сол талапты орындау үшін ақыл-ой қажет. Олай болса бір жағынан қажеттілік ақыл-ойды дамытса, екінші жағынан, сол орындалған талап нәтижесінде ақыл-ой өзі де ілгері дамып, ғылым пайда болды.

Біріншіден ғылым бүгіндей рухани белгілі құбылыстарды жинақтап түйіндеген ой тұжырымы. Ол белгілі заңдылықпен нақты (факт) дәйектерден тұрады. Екіншіден, ғылым сараланған ой. Сондықтан, ол әрбір құбылыстың шығу, пайда болу себептерімен болар нәтижесін, салдарын кесіп айтады. Үшіншіден, ғылым жүйеленген ой тұжырымы. Ол нақты талапқа байланысты дүниеге келген. Ғылымды дүниеге келтірген сол нақты жағдай. Ғылым рухани дүние шыңы, тарихи-мәдени даму көрінісі. Сонымен ғылым – нақты тұжырымдалған ой. Сондай-ақ ол белгілі рухани жүйе, әрі мәдени даму дәрежесі.

Әл-Фараби ғылым күшін барынша насихаттап, адам ақыл-ойының дүние танудағы құдіретін дәріптейді.

Абай – халықты білімге, ғылымға, еңбекке көп үндеген ақын. Ғылымды ол әлеуметтік жағдайды жақсартудың құралы ғана емес, бүкіл прогресске апаратын жол деп түсінді. Ғылымның әлеуметтік орнын адамдардың жақсы қасиеттерімен байланыстыра қарады.



3. Жүйенің моноистикалық негізі (эстетикалықтың жүйені құрушы мағынасы).

Аристотель жүйесінің негізінде объект, пән, материал мен еліктеу мақсаты мен тәсілін анықтайтын мимезис теориясы жатыр. Бұл ортақ қағида арқылы ол эстетикалық категорияларды да, өнер табиғаты мен оның түрлері мен жанларын түсіндірді. Осылайша, әрбір өнер – көптеген ақиқаттылық құбылыстарға еліктеу болып табылады; ең жақсы адамдарға еліктеу – трагедия, жамандарға – комедия; бояулардың арқасында – өнерде, сөз арқылы – әдебиетте, тас арқылы – мүсіндеуде, іс-қимыл арқылы – театрда, көретін бейне арқылы – сурет өнерінде, дыбыс арқылы – музыкада, калокагатия үшін – көрерменге үйлесімді этикалық және эстетикалық әсер ету, катарсис үшін – белгілі бір аффекттер арқылы жанды тазалау.

Аристотельдің эстетикалық жүйелерінен өзге, мәдениет тарихында әр түрлі негіздерде әр түрлі тұтастылық концепциялары пайда болды. Қазіргі түсініктегі эстетикалық көзқарастар болмаса да, Отырардан шыққан Орта ғасырлық ұлы ойшыл, әлемде Аристотельден кейін «Екінші ұстаз» атанған Әбу Насыр әл-Фарабидің ғылыми мұрасынан эстетикалық ойларды жан-жақты көруге болады. Фараби өзінің дүниеге көзқарасын социология, этика және эстетика мәселелерін қамти отырып жүйелендіре, нақтылай түседі. «Ізгі қала тұрғындарының көзқарастары», «Бақытқа жету туралы» трактаттарында ол адам қоғамының шығуы, өмір сүру формалары, адамның мінез-құлқы, әділетті әкімнің бейнесі туралы ой толғайды. Біріншіден, оның эстетикасы болмыс туралы ілімі онтологиямен өзара байланысты, толықтай адам мен әлем жүйесінің бір қыры ретінде философиялық эстетика есебінде қарастырылады. Келесіде, логиканың поэтика бөлімі дүниетанымның маңызды сұрақтарын талдауға тікелей қатысты. Әл-Фараби эстетикасының, маңызды, үшінші бөлігі – музыка болып табылады.

Сонымен қатар, қазақ мәдениетінің ұлы тұлғасы Абай Құнанбаев арнайы эстетикалық трактаттар жазбаса да, данышпан ақын-композитордың шығармаларынан әсемдікке, сұлулыққа деген эстетикалық талап-талғамын айқын аңғарамыз. Өмір эстетикасы, тарихи дәстүр мен мәдени мұра, ғылым мен философия жетістіктері – осының бәрін қорытып, бұған нәзік жаны мен терең ойын қосып, данышпан Абай қазақ халқының эстетикасын жасап шықты.

Қазіргі заман ғылым талабына сәйкес Абайдың эстетикасын мынадай тарауларға бөлуге болады.

1. Жалпы эстетикалық ұғымдар.
2. Табиғат эстетикасы.
3. Адамның әсемдік қасиеттері, соның ішінде әйелдің сұлулығы.
4. Әдебиет эстетикасы.

Соған жалғаса өнер мен шеберліктің эстетикалық маңызы. Жалпы эстетикалық мәселелерді алатын болсақ, бұл жайында Абайда жүйеге келтіруге жарайтын түсініктер жеткілікті. Ол, ең алдымен эстетикалық сезім мен қабылдаудың негізіне жататын адамның бес түйсігіне тоқталады. Адамды жаратушы бізге бес сезім бергені жайында Жиырма жетінші сөзінде былай дейді: «Әуелі көзді көрсін деп беріпті, егер кез жоқ болса, дүниедегі көрікті нәрселердің көркінен қайтіп ләззат алар едік? Құлақ болмаса, не қаңғыр, не күңгір дауыс, жақсы үн, күй, ән ешбірінен ләззат ала алмас едік. Мұрын иіс білмесе, дүниеде болған жақсы иіске ғашық болмақ, жаман иістен қашық болмақтық қолымыздан келмес еді. Таңдай, тіл дәм білмесе, дүниеде не тәтті, не қатты, не дәмдінің қайсысынан ләззат алар едік? Бұлардың бәрі біздің пайдамыз емес пе...?» Ләззат деген сезді Абай көбіне эстетикалық мағынада қолданады. Ләззат – сезім арқылы туғызатын заттардың, құбылыстардың эстетикалық қасиеттері. Бірақ, бұлар әлі жеткіліксіз. Бір нәрсені эстетикалық түсінікпен қабылдап, одан ләззат алу үшін адамның өзі оған дайын болуы тиіс, сонда ғана «әрбір естігенінді, кергенінді көңілің жақсы ұғып, анық сөз суретімен ішке жайғастырып алады...» (32-ші сөз). Эстетикалық түйсікпен толық қабылдау дегеніміз сыртқы заттың өз суретімен адамның ішкі рухани сарайына жайғасу болып табылады. Абайдың бұл ұғымын өте терең және аса маңызды тұжырым деп тануымыз керек. Эстетикалық қасиеттер деген атауды Абай пайдаланбайды, бірақ, соны сипаттайтын көптеген қазақтың төл сөздерін қолданады. Көрікті, сұлу, әсем, әдемі, сүйкімді, сымбат, сән, ажарлы, нұрлы – міне, осындай қазақтың қарапайым сөздерін Абай өлеңдерінде көп келтіреді, сонымен қатар бұлардың әрқайсысын орынды қолданады.

Эстетикада іргелі ұғым «көркемдік» категориясы болды. Қазірде, эстетиканың кеңейтілген пәніне ақиқаттылықтың эстетикалық қасиеттері, адамның әлемді эстетикалық қабылдауы, эстетикалық рецепция, яғни, ақиқаттылықтың өнері мен эстетикалық қасиеттерін қабылдау, шығарманың көркемдік мағынасын түсіну және т.б. кіреді. Бұндай эстетикалық жүйе тек қана «көркемдік»-те тұра алмайды. Алайда, оның мағынасы сақталады: шығарма не туралы айтса да, ол көркем болуы керек және тыңдаушыға немесе көрерменге эстетикалық ләззат тудыруы керек. Сонымен қатар, одан бөлек, кең ауқымды іргелі



категория қажет болды – ол эстетикалық – белгілі кезеңге тарихи дамуы үшін тұлға мен қоғамға беретін мүмкіндіктерді, адамзат үшін маңыздылықты қамтитын көпжақты ақиқаттылық.

Юрий Боревтың пайымдауынша: Заманауи эстетикалық жүйенің негізі бола отырып, эстетикалық мыналарды түсіндіреді:

- 1) эстетикалық категорияларды
- 2) өнер онтологиясын;
- 3) шығармашылық даму кезеңдерін, шығармашылық үдерістегі мәселелерді.

Сонымен, бұл жерде көрсетілген эстетикалық жүйе эстетикалық атты іргелі категорияның негізінде құралады. Ол адамзат үшін құралдар, заттар құндылығын көрсетеді, эстетикаға дүниетанымдық сипат береді және оны философиялық пән ретінде құрайды. Болмыстағы адамның мағынасы мәселесіне және табиғат, қоғам мен ойлау болмысын меңгеруге ден қоятын философияға қарағанда, эстетика, болмыстағы адамның мәні және оның әр түрлі құбылыстарына негізделеді. Заманауи өркениет жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделеді.

3. Эстетиканың мәселелік аумағы бірнеше құрамдас бөліктерден тұрады.

1. Ақиқаттылық эстетикасы. Эстетикалықтың табиғаты мен болмысы, тарихи негізделгені, қоғамның шығармашылық және эстетикалық өміріне байланысты оның формаларының өзгеруі – ақиқаттылық эстетиканың құзыреттілігін құрайды.

Профессор Бәтін Қазыханова: «Көркемдік сапасы жоғары, өмір шындығынан мүлтіксіз екшеп алынған жанды шығармалардан дүниедегі нағыз әдемілік әлемі айқын көрінеді. Ал, өмір шындығы дегеніміз – өте күрделі, қыры мен сыры мол, оның ғажайып сырларынан адам әрқашан ләззат алып отырады» деп атап өткен.

2. Өнер эстетикасы. Өнер – әлемді әдемілік заңдары бойынша меңгерудің қалыптасқан, бекітілген формасы. Эстетикалық ғылымда өнер негізгі орын алады. Эстетикалық ғылым оның мазмұнын, тілін, заңдылықтарын, сұлулық көріністерінің ерекшеліктерін зерттейді. Өнер адамның әлемге деген эстетикалық және көркем қатынастарының жүйесінде болғандықтан ол эстетика пәнінің ерекше бөлігі болып табылады. Эстетика оған көп көңіл бөледі, себебі барлық заңдылықтар, мәселен, сұлулық заңдылықтары дәл осы өнерде барынша жарқын және шоғырланған күйінде кездесетіндігі туралы Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрлігі Ғылым Комитеті Философия, саясаттану және дінтану институтының «Қазақтардың эстетикалық танымының құндылықтық-мағыналық негіздері» Ғылыми Зерттеу Жобасын орындаған ғалымдары да атап өтеді.

Эстетиканың пәні және оның мәселелік аумағы өнерден кең болып табылады.

3. Теориялық-ақпараттық эстетика. Теориялық-ақпараттық эстетиканың маңызды мәселелері: эстетикалық ақпараттың ерекшеліктері –көркем мәтінді қабылдауға кедергілер, немесе оны өзгертетін кедергілер; оның коды, қайталанбастығы; оның белгілерге қарым-қатынасы, мағынасы мен мәні; артықшылығы, түсіндіру сипаты; шығарманың эстетикалық ақпаратты тасымалдаушы ретінде өмір сүру шарты – шығармашылық шынайылықтың әлеуметтік болмысы.

Теориялық-коммуникативті эстетиканың бір түрі – эстетикалық ақпаратты TV, радио, ғаламтор және басқа да масс-медиа арқылы қабылдау, беру және қалыптастыруға назарын аударады.

Әлеуметтік-коммуникативті эстетиканың маңызды мәселелері: эстетикалық ақпаратты және бұқаралық ақпарат құралдары рөлін олардың шығармашылығына байланысты кезеңдік бойынша тарату; адам мәдениетінің бірегей әмбебап құрылымын бөліп алу – адам ойының құрылымы; мәдениеттің оны тасымалдау құралдарына тәуелділігі. Теориялық-ақпараттық және әлеуметтік-коммуникативті эстетикалық концепциялар өнердің шығармашылық-ақпараттық табиғатын және шығармашылық мәдениеттегі бұқаралық коммуникацияның рөлін түсінуге бағытталған.

4. Рецепттивті эстетика. Рецепттивті эстетиканың басты идеяларына тоқталып өтейік.

Шығарманы қабылдау сұхбат режимінде жүзеге асады – ол сұхбат оқырман мен мәтін арасында жүреді. Автор мәтінде өзінің өмірлік тәжірибесін қалдырады, кейін оны реципиенттің өмірлік тәжірибесіне береді. Шығарманың мағынасы рецепция нәтижесінде пайда болады, сол себепті, ол тарихи өзгермелі және дәуірге, қабылдаушының индивидуалдылығы мен оның белгілі бір рецепттивті топқа қатысты екендігіне байланысты болып табылады. Басқаша айтқанда, оқырманның тәжірибесі үш маңызды сипаттамаға ие: тарихи, топтық және индивидуалды. Бұлар арқылы тек қана мағына анықталмайды, сонымен қатар, туындының онтологиялық дәрежесі анықталады (оның әлеуметтік жағдайы, рейтинг, қоғамдағы



болмысы). Мағынаның тарихи өзгеруі және туындының онтологиялық деңгейі – шығармашылық үдерістің заңдылығы. Рецептивті эстетика эстетиканың ғылым ретіндегі төртінші мәселелік аумағы болды.

5. Техникалық немесе индустриалды эстетика. Техникалық эстетика эстетиканың ғылым ретіндегі бесінші мәселелік аумағын құрайды – ол дизайн теориясы, өндірістік құралдар арқылы әдемілік заңдары бойынша әлемді тану теориясы, жобалау тәжірибесін, индустриалды бейнені, еңбектің пайдалы және әдемі құралдарын шығаруды, утилитарлы және эстетикалық қасиеттері бар машина, заттарды жалпылау болып табылады.

Техникалық эстетиканың негізгі қағидалары: дизайнер затпен жұмыс жасайды, бірақ оның мақсаты зат емес, адам, эстетикалық болып табылатын – экономикалық формалар. Техникалық эстетиканың мақсаты: әлемді көліктермен байытылған үйлесімдікке әкелу, техниканың гуманизациясы.

6. Тәжірибелік эстетика. Әлемді шығармашылық-бейнелік, өнер формасынан тыс әлемді эстетикалық тану – тәжірибиелік эстетиканың айналысу саласы болып табылады. Тәжірибелік эстетика – эстетиканың ғылым ретіндегі алтыншы мәселелік аумағы. Бұл аумақ табиғи ортаның, «екінші», яғни, қолдан жасалынған табиғаттың, адамдардың тәртібі мен қарым-қатынастарының көбінде, этикетке қатысты, тұрмыс, ғылыми шығармашылық, спорт, карнавал, мерекелер мен бұқаралық іс-қимылдар, дәстүрлер, аспаздық, ойындар мәселесінің эстетикалық аспектісін қамтиды.

Юрий Боров пайымдауынша: алтыншы мәселелік аумақтың маңыздылығын американдық эстетик XX ғ. Томас Манро өнер жіктемесі аумағындағы теориялық зерттеулері дәлелдейді. Манро бойынша, өнердің шегі жоқ. Осы оқулықта Томас Манроның көзқарасы араб тілінде жазған әл-Фарабидің (870-950) көзқарастарымен ұқсас келетіндігі туралы айтылады. Бұл ортағасырлық ғалым, тоқыма, медицина, риториканы – өнер деп санағандығын атап өтеді. Әл-Фараби мен Манро да өнердің түріне әлемді әдемілік заңы бойынша түсінуге бағытталған дүниелерді жатқызатындығын автор айта кетеді.

Эстетика, бейнелік ойдаудың ерекшеліктері, шығармашылық тәсіл ойлау ретінде саналатын – гносеология, шығармашылық қабылдау мен шығармашылық ойлау психологиясының сұрақтарымен айналысатын – психология, шығармашылық мәтінді түсіну мәселелерін қарастыратын – герменевтика, шығармашылық үдеріс сұрақтары, оның деңгейлері, шығармашылық бағыттарын зерттейтін – өнертану және басқа да ғылымдармен шекаралас. Алайда, бұл түйісу аймақтарында да ол өзіне тән өзіндік тәсілін сақтап қалады деп тұжырым жасайды.